

**Төлеби ауданының білім бөлімінің «Ақбота» бөбекжай-  
бақшасы» МКҚК**

Бекітемін  
«Ақбота» бөбекжай-бақшасы» МКҚК  
менгерушісі Пиялиева Ж.М.



**Әкімшілік жиналыс  
жоспары мен хаттамасы**

2024-2025 оқу жылы

№1 әкімшілік жиналыс

Уақыты: 21 қыркүйек 2024 жыл

№	Күн тәртібінде қаралатын мәселелер	Мерзімі	Жауаптылар
№1 әкімшілік жиналыс Жүргізілу түрі: нұсқаулық			
1.	Жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын қолға алу. Бөбекжайдың қысқы маусымға дайындығы (есеп)	Қыркүйек	Шаруашылық меңгерушісі
2.	Арнайы бақылау қорытындысы «Қызметкерлердің жұмыс күніне дайындығы. лауазымдық міндеттер. Ішкі еңбек тәртібінің орындалуы»		Менгеруші
3.	Мектепке дейінгі ұйымдарда таңғы жаттығуларды бақылау бойынша жедел бақылау қорытындысы		Әдіскер
4.	Ағымдағы мәселелер.		Менгеруші

№1 Әкімшілік жиналысқа педагогтар мен қызметкерлердің қатысуын  
тіркеу

Күні: 21 қыркүйек 2024 жыл

№	Қызметкерлердің аты-жөні	Қызметі	Қолы
№	Қызметкерлердің аты-жөні	Қызметі	
1.	Пиялиева Ж.М.	Меңгеруші	
2.	Акимбекова А.Т.	Әдіскер	
3.	Ералиева Қ.А.	Тәрбиеші, Педагог-психолог	
4.	Жиенбаева Р	Тәрбиеші	
5.	Анарбаева Г.	Тәрбиеші	
6.	Дүйсебаева Э.	Тәрбиеші	
7.	Омарова С.	Тәрбиеші	
8.	Оралбекова Г.	Тәрбиеші	
9.	Бәйменова Г.	Тәрбиеші	
10.	Садықов Ш.	Музыкалық жетекші	
11.	Ақназарова С.	Есепші	
12.	Абильдаева А.	Шаруашылық меңгерушісі	
13.	Құрмашев С.	Көлік жүргізуші	
14.	Сейткулова С	Тәрбиеші көмекшісі	
15.	Сералиева С.	Тәрбиеші көмекшісі	
16.	Чубаева Ж.	Тәрбиеші көмекшісі	
17.	Пиялиев А.	Күзетші	
18.	Абильдаева А.	Медбике	
19.	Игенова М	Кір жуу машинасының операторы	
20.	Қарсақова Г.	қызмет бөлмелерін жинаушы	
21.	Мурзалиева А.	Аспаз	
		Аспазға көмекші	

## Әкімшілік жиналыс хаттамасы №1

Уақыты: 21 қыркүйек 2024 жыл

Әкімшілік жиналыстың өтілетін орны: «Ақбота бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Төрайымы: Ж.М Пиялиева - меңгеруші

Хатшы: А.Т Акимбекова - әдіскер

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын қолға алу. Бөбекжайдың қысқы маусымға дайындығы (есеп) Шаруашылық меңгерушісі
2. Арнайы бақылау қорытындысы «Қызметкерлердің жұмыс күніне дайындығы. лауазымдық міндеттер. Ішкі еңбек тәртібінің орындалуы» Меңгеруші
3. Мектепке дейінгі ұйымдарда таңғы жаттығуларды бақылау бойынша жедел бақылау қорытындысы меңгеруші Пиялиева Ж.М
4. Ағымдағы мәселелер. Меңгеруші

**I ТЫҢДАЛДЫ:** Жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын қолға алу. Бөбекжайдың қысқы маусымға дайындығы.

**СӨЙЛЕДІ:** Шаруашылық меңгерушісі А.Абилядаева күзгі-қысқы маусымға дайындық – әкімшілік-шаруашылық жұмысындағы ең маңызды да қауырт кезең екенін, барлық қажетті жоспарлы-алдын алу іс-шаралары мен жөндеу жұмыстары мерзімінде аяқталғанын айтты. Күзгі-қысқы кезеңге дайындық кезінде балалардың МДҰ-да қауіпсіз жағдайда болуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарланды және алдағы уақытта өткізіледі. Барлық қажетті жоспарлы-алдын алу іс-шаралары мен жөндеу жұмыстары мерзімінде аяқталды. Бөбекжайда қысқа дайындық жұмыстары белгіленген кестеге сәйкес жүргізілді. Топтарда, жеке кабинеттерде және коридорлардың терезелері жабылып, бекітілді. Жылу мен қамту жұмыстары күн сайын тексеріліп, бақылауда тұр. Бөбекжайдағы жылу батериялары боялып, сырланып 100% қыс маусымына дайын, - деді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Қысқы маусымға дайындық жұмыстары бақылауға алынсын.

**II ТЫҢДАЛДЫ:** Арнайы бақылау қорытындысы «Қызметкерлердің жұмыс күніне дайындығы. лауазымдық міндеттер. Ішкі еңбек тәртібінің орындалуы»

**СӨЙЛЕДІ:** меңгеруші Пиялиева Жадыра Мырзабекқызы балалар күннің көп бөлігінде балабақшада болады, сондықтан ата-аналар баланың қауіпсіздігіне, оның жайлылығына, моральдық және физикалық жағынан сенімді болғысы келеді. Дегенмен, біз көбінесе балалар мекемесіндегі тәрбиешілердің жұмысына байланысты шынымен таң қалдыратын оқиғаларды есітіп жүрміз. Қазіргі күнде қоғамның сұраныстары өзгерді, ал балабақша қызметке айналды: енді қадағалау қызықты емес, балаға, тіпті ата-анаға кем дегенде жеке көзқарас қажет. Сонымен қатар, жалақының өзгеруімен ата-аналар мен әкімшіліктің қолында тәрбиешілердің жұмысын бақылау құралдары пайда болды. Ата — аналардың шағымдарынан және әкімшіліктің жазаларынан кейін балабақша тәрбиешілері өз міндеттерін жақсы білді, бірақ олардың қандай құқықтары бар екенін жиі ұмытып кетеді. Осы мақсатта «Ақбота» бөбекжай-бақшасының» 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарына сәйкес Ішкі тәртіп және лауазымдық міндеттерді орындауды меңгеру деңгейі бойынша арнайы бақылау жүргізілді. Бақылауға барлық қызметкерлер қатысты.

Нәтижесінде, «Күншуақ» тобының тәрбиешісі Омарова С мен «Балапан» тобының тәрбиешісі Г.Бәйменова жұмыс уақытынан 15-20 минут бұрын қайтатыны, ойыншықты жуып кетпейтіні анықталды. Бөбекжайдың ішкі тәртіп ережелерін сақтау бөбекжайда жұмыс тыныштығын қамтамасыз етеді және тәрбиеленушілердің ата-аналары (заңды өкілдері) мен мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері арасындағы бірлескен жұмысты көздейді. Бөбекжайдың жұмыс уақыты 7.30-дан басталады. Балаларды қабылдау сағат 7.30-дан 8.00-ге дейін жүзеге асырылады, баланы балабақшада 10,5 сағат болады.

Балабақшаға уақытында келу, тәрбие-білім беру үдерісін дұрыс ұйымдастыру, педагогикалық ұжымның басты міндеті. Тәрбиешілер баланы кім алып келіп, алып кететінін білуі тиіс. Ата-аналар бұл тізімді жазбаша түрде ұсынуға міндетті (паспорттық деректер және осы тұлғалардың байланыс телефондары). Әйтпесе, тәрбиешілерге баланы ата-анасынан басқа бөтен қолға беруге тиым салынған. Тәрбиешілерге балаларды мас күйдегі адамдарға, кәмелетке толмаған адамдарға, бейтаныс адамдарға беруге қатаң тыйым салынады. Әрбір қызметкер жұмыс уақытын ескеріп, ішкі тәртіп ережелеріне бағыну керек. Сонымен бірге, меңгеруші Пиялиева Ж.М. педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 бұйрығы негізінде қызметкерлер өздерінің лауазымдық міндеттерімен таныстырып, қол қойдырып алды. Осы Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымдарының меншігіне, ведомстволық бағыныстылығы мен ұйымдастыру-құқық нысанына қарамастан олардың қолдануы үшін міндетті. Педагогикалық және медициналық қызметкерлермен тәрбиелік білім беру және сауықтыру жұмыстармен қамтамасыз ету бойынша өзара қызмет атқарады. Сол сияқты, барлық қызметкерлердің өз міндеттері бар. Қазақ халқында «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген ұлы сөз бар. Осы міндеттер аясында балаларға білім мен тәрбие беруде ауызбіршілікпен, ынтымақтаса отырып жұмыс жасауымыз керек, - деді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Бөбекжай қызметкерлерін Ішкі еңбек тәртіп ережесімен таныстырылып, лауазымдық міндеттердің орындалуы қатаң сақталсын.

**ІІІ ТЫҢДАЛДЫ:** Мектепке дейінгі ұйымдарда таңғы жаттығуларды бақылау бойынша жедел бақылау қорытындысы

**СӨЙЛЕДІ:** меңгеруші; Пиялиева Ж.М. сөз алды. Нәтижесінде, «Күншуақ» ересек «Балапан» ортаңғы топтарында таңғы жаттығу кезінде балалардың көңіл күйі көтеріңкі жаттығуларды қызығушылықпен, белсенділікпен орындамайтыны, балаларда жалығу, жаттығуларды орындағысы келмеуі байқалды. Барлық топтарда жаттығулар құрылымы сақталмаған. Балалар қажетті құралдармен (доп, лента, жалауша және т.б.) қамтылмаған.

Ұсыныс: 1. Топтар арасында «Дамытушы жаттығулар» картотекасы сайысын ұйымдастыру.

2. «Балаларда жалығу немесе жаттығуларды орындағысы келмеуін анықтау» бақылау жүргізу

3. Балалардың қызығушылығын ояту барысында қажетті материалдарды қолдану, балалармен жеке жұмыс жүргізу.

4. Балалардың қызығушылығын ояту барысында қажетті материалдарды қолдану, жалығудың жолдарын қарастыру.

5. Балалардың қызығушылығын ояту барысында қажетті материалдарды және сапта жүру; негізгі қимыл түрлері жүру, жүгіру; жалпы дамытушы жаттығуларды қолдану керек, - деді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** жедел бақылау қорытындысы қанағаттанарлық.

**ІІІІ ТЫҢДАЛДЫ:** Ағымдағы мәселелер

**СӨЙЛЕДІ:** Меңгеруші; Пиялиева Ж.М. топтардағы жылу беру жұмыстары бақылауға алынып, Алтын күз мерекесіне және Республика күні мерекесіне дайындықты күшейту, топтарды безендіру, мерекелік шараны ұйымдастыру жұмыстарын уақытылы жүргізілу, ата-аналарға алдын ала өтетін уақытын айтып, балалардың, персонаждардың киімдерін тігіп, реттеп қою жөнінде айтып өтті.

**ШЕШІМ:**

1. Жылу беру маусымына дайындық жұмыстары бақылауға алынсын.

Жауапты: шаруашылық меңгерушісі

Мерзімі: қыркүйек-қазан

2. Қыркүйек айындағы бақылау нәтижелерінің орындалуы бақылауға алынсын.

Жауапты: меңгеруші, әдіскер, медбике

Мерзімі: жыл бойы

Жиналыс төрайымы:

Жиналыс хатшысы:



Пиялиева Ж.М.

Акимбекова А.Т.

## Жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын қолға алу.

### Бөбекжайдың қысқы маусымға дайындығы

Күзгі-қысқы маусымға дайындық – әкімшілік-шаруашылық жұмысындағы ең маңызды да қауырт кезең. Барлық қажетті жоспарлы-алдын алу іс-шаралары мен жөндеу жұмыстары мерзімінде аяқталды. Биылғы оқу жылында бөбекжайымызда алдағы келе жатқан жылыту маусымына МДҰ-ның күзгі-қысқы кезеңге дайындығын бақылаудың, дайындықты бағалауға қажетті өлшем шарттарды анықтау мен құқықтық ресімдеудің тиімділігін арттыру мақсатында, ҚР БҒМ Білім беруді басқарудың аумақтық органдарына, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мыналарды әзірлеуді ұсынды:

- МДҰ-ның жаңа оқу жылына дайындығы туралы қабылдау актілері негізінде білім берудің ведомстволық бағынысты ұйымдарының сәйкес актілері;
- дайындықты бағалаудың нақты өлшемшарттары;
- дайындықты тексерудің үлгілік актісі.

МДҰ-да болудың қауіпсіз жағдайлары – бұл өртке қарсы, санитариялық және техникалық нормалар мен ережелерге, мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін жағдайлар. МДҰ-да қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі әкімшілік қызметінің басты бағыттарына:

- өрт қауіпсіздігі;
- лаңкестікке қарсы қауіпсіздік;
- санитариялық-гигиеналық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;
- еңбекті қорғау.

Күзгі-қысқы кезеңге дайындық кезінде балалардың МДҰ-да қауіпсіз жағдайда болуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарланды және алдағы уақытта өткізіледі. Барлық қажетті жоспарлы-алдын алу іс-шаралары мен жөндеу жұмыстары мерзімінде аяқтауды ойластырып отырмыз. Мынадай құжаттарды әзірлеу қажет:

- қауіпсіздік паспорты;
- қауіпсіздік жөніндегі шаралардың кешенді жоспары;
- өндірістік апат, зілзала және табиғат апаттарының қауіпі туындаған кездегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары;
- тәрбиеленушілер мен қызметкерлерді эвакуациялаудың қабатты жоспары;
- ТЖ туындағаны жайлы қызметкерлер мен келушілерді құлақтандырудың жергілікті жүйесі;
- табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-ның туындау қауіпі кезіндегі әрекеттердің тәртібі туралы нұсқаулық;
- жаңа оқу жылына дайындық паспорты.

Бөбекжайда қысқа дайындық жұмыстары белгіленген кестеге сәйкес жүргізілуде. Топтарда, жеке кабинеттерде және коридорлардың терезелері жабылып, бекітілді. Жылу мен қамту жұмыстары күн сайын тексеріліп, бақылауда тұр. Бөбекжайдағы жылу батареялары боялып, сырланып 100% қыс маусымына дайын. Былтырғы оқу жылында жылу батареялары ауыстырылып, жаңартылғандықтан, биылғы оқу жылында ешқандай қиын мәселелер болмайды деп ойлаймын.

**«Қызметкерлердің жұмыс күніне дайындығы. Ішкі еңбек тәртібінің орындалуы»**

**Ішкі тәртіп және лауазымдық міндеттерді орындауды меңгеру деңгейі бойынша арнайы арнайы бақылау қорытындысы**

**Мерзімі:** 20-21 қыркүйек 2024 жыл

**Мақсаты:** қызметкерлердің үшкі тәртіп және лауазымдық міндеттерді орындау барысын анықтау, ішкі тәртіп ережесімен таныстыруды жалғастыру.

Балалар күннің көп бөлігінде балабақшада болады, сондықтан ата-аналар баланың қауіпсіздігіне, оның жайлылығына, моральдық және физикалық жағынан сенімді болғысы келеді. Дегенмен, біз көбінесе балалар мекемесіндегі тәрбиешілердің жұмысына байланысты шынымен таң қалдыратын оқиғаларды есітіп жүрміз. Қазіргі күнде қоғамның сұраныстары өзгерді, ал балабақша қызметке айналды: енді қадағалау қызықты емес, балаға, тіпті ата-анаға кем дегенде жеке көзқарас қажет. Сонымен қатар, жалақының өзгеруімен ата-аналар мен әкімшіліктің қолында тәрбиешілердің жұмысын бақылау құралдары пайда болды. Ата — аналардың шағымдарынан және әкімшіліктің жазаларынан кейін балабақша тәрбиешілері өз міндеттерін жақсы білді, бірақ олардың қандай құқықтары бар екенін жиі ұмытып кетеді. Осы мақсатта «Ақбота» бөбекжай-бақшасының 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспарына сәйкес Ішкі тәртіп және лауазымдық міндеттерді орындауды меңгеру деңгейі бойынша арнайы бақылау жүргізілді. Бақылауға барлық қызметкерлер қатысты.

Нәтижесінде, «Күншуақ» ересек тобының тәрбиешісі Омарова С мен «Балапан» ортаңғы тобының тәрбиешісі Бәйменова Г жұмыс уақытынан 15-20 минут бұрын қайтатыны, ойыншықты жуып кетпейтіні анықталды.

«Бәйшешек» ортаңғы тобының тәрбиешісі Анарбаева Г жұмысқа түскі уақытта 15 минутқа кешігіп келетіні, тәрбиеші көмекшісі Сералиева А жұмыс уақытынан 20 минут бұрын үйге қайтатыны анықталды.

**Ұсыныстар:**

1. Тәрбиешілер Омарова С Бәйменова Г ішкі тәртіп ережесін сақтауды бақылауға алу.
2. Барлық қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен қайта таныстыру.

**Кәсіподақ ұйымының төрайымы**

 Дүйсебаева Э

**«Мектепке дейінгі ұйымдарда таңғы жаттығуларды бақылау  
жедел бақылау қорытындысы»**

**Күні: 17-18 қыркүйек 2024 жыл**

Топтың атауы	Таңғы жаттығу кезінде балалардың көңіл күйі көтеріңкі жаттығуларды қызығушылықпен белсенділікпен орындайды	Балаларда жағымды жаттығуларды орындағаны келмеу байқалады	Жаттығулар кезінде балалардың жасына сәйкес	Педагог барлық балаға жаттығуларды дұрыс орындау бойынша уақытылы нұсқау береді	Балалар педагог назарынан тыс қалған, өз бетінше орындауға тырысады	Таңғы жаттығу музыкамен, бейнеролик көмегімен, ойындар арқылы ұйымдастырылған	Жаттығулар құрылымы сақталған: сапта жүру, негізгі қимыл түрлерін жүргізу; жалпы дамытушы жаттығулар	Балалар тәртіпті (доп, лауаз және т.б.) қамтамасыз етеді
1	2	3	4	5	6	7	8	9
«Бәйшешек» таңғы тобы	-	-	-	+	+	+	-	-
«Балапан» таңғы топ	-	-	+	+	+	+	+	-
«Күншуақ» ересек топ	+	+	+	+	+	+	-	-

Нәтижесінде, «Бәйшешек» ортаңғы тобында, «Балапан» ортаңғы топтарында таңғы жаттығу кезінде балалардың көңіл күйі көтеріңкі жаттығуларды қызығушылықпен, белсенділікпен орындамайтыны, балаларда жалығу, жаттығуларды орындағысы келмеуі байқалды. Барлық топтарда жаттығулар құрылымы сақталмаған. Балалар қажетті құралдармен (доп, лента, жалауша және т.б.) қамтылмаған.

**Ұсыныс:** 1.Топтар арасында «Дамытушы жаттығулар» картотекасы сайысын ұйымдастыру.

2. «Балаларда жалығу немесе жаттығуларды орындағысы келмеуін анықтау» бақылау жүргізу

3. Балалардың қызығушылығын ояту барысында қажетті материалдарды қолдану, балалармен жеке жұмыс жүргізу.

4. Балалардың қызығушылығын ояту барысында қажетті материалдарды қолдану, жалығудың жолдарын қарастыру.

5. Балалардың қызығушылығын ояту барысында қажетті материалдарды және сапта жүру; негізгі киім түрлері жүру, жүгіру; жалпы дамытушы жаттығуларды қолдану.



Менгеруші:

Пиялива Ж.М.

№2 әкімшілік жиналыс

Уақыты: 11 қараша 2024 жыл

№	Күн тәртібінде қаралатын мәселелер	Мерзімі	Жауаптылар
<b>№2 әкімшілік жиналыс</b> <b>Жүргізілу түрі: нұсқаулық</b>			
1.	№1 әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы	Қараша	Меңгеруші
2.	«Балабақшадағы төсек-орынға қойылатын талаптар» баяндама		Медбике
3.	«Бір күн ішінде балалармен бірлескен қызметті жүзеге асыруды» жедел бақылауды талдау қорытындысы		Әдіскер
4.	«Мектепке дейінгі балалардың жолда жүру қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру» бойынша тақырыптық бақылауға талдамалы анықтама қорытындысы		Меңгеруші
5.	Ағымдағы мәселелер		Меңгеруші

№2Әкімшілік жиналысқа педагогтар мен қызметкерлердің қатысуын  
тіркеу

Күні: 11 қараша 2024 жыл

№	Қызметкерлердің аты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	Пиялиева Ж.М.	Директор	
2.	Акимбекова А.Т.	Әдіскер	
3.	Садықов Ш.С.	Музыка жетекші	
4.	Ералиева Қ.А.	Педагог-психолог	
5.	Жиенбаева Р	Тәрбиеші	
6.	Анарбаева Г.	Тәрбиеші	
7.	Дүйсебаева Э.	Тәрбиеші	
8.	Омарова С.	Тәрбиеші	
9.	Оралбекова Г.	Тәрбиеші	
10.	Бәйменова Г.	Тәрбиеші	
11.	Құрмашев Н	Көлік жүргізуші	
12.	Абильдаева А.	Медбике	
13.	Ақназарова С.	Есепші	
14.	Сейткулова С.	Тәрбиеші көмекшісі	
15.	Сералиева А.	Тәрбиеші көмекшісі	
16.	Чубаева Ж.	Тәрбиеші көмекшісі	
17.	Қарсақова Г.	Аспаз	
18.	Мурзалиева А.	Аспаздың көмекшісі	
19.	Игенова М.	Кір жуу машинасының операторы,	
20.	Пиялиев А.	Күзет	

## Әкімшілік жиналыс хаттамасы №2

Уақыты: 11 қараша 2024 жыл

Әкімшілік жиналыстың өтілетін орны: «Ақбота» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Төрайымы: Меңгеруші; Пиялиева Ж.М.

Хатшы: Акимбекова А.Т.

### КҮН ТӘРТІБІ:

- |  |           |
|--|-----------|
| 1. №1 әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы   | Меңгеруші |
| 2. «Балабақшадағы төсек-орынға қойылатын талаптар» баяндама  | Медбике   |
| 3. «Бір күн ішінде балалармен бірлескен қызметті жүзеге асыруды» жедел бақылауды талдау қорытындысы  | Әдіскер   |
| 4. «Мектепке дейінгі балалардың жолда жүру қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру» бойынша тақырыптық бақылауға талдамалы анықтама қорытындысы | Меңгеруші |
| 5. Ағымдағы мәселелер  | Меңгеруші |

**I ТЫҢДАЛДЫ:** №1 әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы

**СӨЙЛЕДІ:** бөбекжай меңгерушісі; Пиялиева Ж.М. өткен әкімшілік жиналыс шешіміне тоқталып өтті. Жылу беру маусымына дайындық жұмыстары жоғары деңгейде өтті. Ыстық судың келуін және қайтуын , термометр, монометр ауыстырылып, жаңасы қойылды. Грызовик ауыстырылды, - деді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** өткен әкімшілік жиналыс шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

**II ТЫҢДАЛДЫ:** «Балабақшадағы төсек-орынға қойылатын талаптар»

**СӨЙЛЕДІ:** медбике Абильдаева А Мектепке дейінгі мекемеде «тыныс алатын», тозуға төзімділігі жоғары экологиялық таза төсек орын қолданылуы керек. Балабақшадағы төсек-орынға қойылатын талаптар САНПИНнің талаптарына сәйкес, әрбір ұйықтайтын орын матрац төсенішімен, жастықпен және көрпемен қамтамасыз етілуі керек. Әр балаға төсек-орынның үш жиынтығы және екі матрац жамылғысы бөлінеді.

Кір жинағына мыналар кіреді: жастық қап, жайма, көрпе жамылғысы және екі сүлгі (бет пен қолға, аяққа арналған). Бір рет қолданылатын сүлгілерді қолдануға рұқсат етіледі.

Барлық төсек-орын алынған кезде таңбалануы керек. Бұл жеке керек-жарақтарды пайдалану әдетін дамытуға мүмкіндік береді және кірді ауыстыруды жеңілдетеді. Таңбалауда топтың нөмірі, кереуеттің нөмірі (символы), төсек-орынның ауыстырылған күні көрсетіледі.

Таңбалау қауіпсіз түрде жүргізілуі керек. Кестені, термо жапсырмаларды, матадан жасалған аппликацияларды, экрандық суреттерді, өнеркәсіптік басып шығаруды пайдалануға рұқсат етіледі. Парақтар мен көрпе жамылғыларына төменгі жиекке, жастық қаптарына – бүктелген жерлерге белгі қою керек.

Төсек-орынның түсіне келетін болсақ, қатаң шектеулер жоқ. Бірақ ұлдарға да, қыздарға да сәйкес келетін түстерге артықшылық беру ұсынылады.

Балабақшаға арналған төсек-орын суреттермен безендірілуі мүмкін. Жақсы мультфильмдермен, геометриялық өрнектермен, гүлдермен, құстармен және жағымды эмоциялар тудыратын жануарлармен жиынтықтарды таңдаған дұрыс. Балабақшадағы жатын бөлмесінің дизайнының мысалы: балаларға арналған баспасы бар көзге жағымды жасыл түсті зығыр матаның бірдей түсі таңдалды балабақшадағы төсек-орындарды ауыстыру.

Тазалықты сақтау үшін кір төсек-орын үнемі өзгеріп отырады, лас төсек-орындар сөмкелерге салынып, кір жуатын орынға жіберіледі. Төсек - орындарды ауыстыру кестесі төсек-орынның ластану дәрежесін ескере отырып өзгеруі мүмкін, бірақ ауыстыру кем дегенде бес күнде бір рет жасалуы керек. Жуылған кір жеке бөлмеде шкафтарда немесе жабық сөрелерде сақталады. Оны беру лас заттармен қиылысуды болдырмау үшін ұйымдастырылады.

Балабақшадағы төсек-орындарды өңдеу кір жуғыш ұнтақты немесе қауіпсіз құрамы бар сұйық жуғыш затты қолдану арқылы жүзеге асырылады. Ағартқыштар мен кондиционерлерді қолдануға рұқсат етіледі. Кір жуғыш заттар кір жуғыш машиналарға қолмен немесе диспенсерлер арқылы түсуі мүмкін. Кептіргіште кептіргеннен кейін, кір үтіктеу ролигіне қарап, сұрыпталады. Махровый сүлгілері үтіктелмейді, олар кептіруден кейін бірден бүктеледі. Кіші тобындағы кірді жуу үшін жұмсақ құрамы бар арнайы балалар ұнтақтары қолданылады.

Жатын бөлмеде жалпы тазалау кезінде матрацтар мен жастықтар тікелей үй-жайда немесе шаруашылық аймағының арнайы бөлінген алаңында желдетілуі керек. Жылына бір рет төсек-орындарды камералық дезинфекциялау немесе оларды химиялық тазалау қажет екенін айтты.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**Төсек-орындардың уақытылы жуылуын бақылауға алу.

**ІІІ ТЫҢДАЛДЫ:** «Бір күн ішінде балалармен бірлескен қызметті жүзеге асыруды» жедел бақылауды талдау қорытындысы

**СӨЙЛЕДІ:**бөбекжай әдіскерісөз алды.2024 жылғы 5-6 қараша аралығында «Бір күн бойы балалардың қызметін ұйымдастыру» тақырыбына жедел бақылау жүргізілді. Осы мақсатта топтарға барып, тәрбиешілердің күнделікті жоспарлауын бақылау және тексеру нәтижесінде жедел бақылау картасы толтырылды. Бұл картада талдау үшін келесі сұрақтар ұсынылды:

- 1.Тәрбие-білім беру жұмысының жоспарына сәйкес бірлескен қызметті ұйымдастыру.
2. Бірлескен қызмет барысында әдістер мен тәсілдерді қолданудың орындылығы.
- 3.Күні бойы балалардың танымдық белсенділігі.

4.Күні бойы әр түрлі қызмет түрлері.

5.Бір қызмет түрінен екіншісіне ауысуды ұйымдастыру.

6. Өз бетінше әрекет ету кезінде балаларды жұмыспен қамту.

7. Күні бойы қозғалыс белсенділігі режимін сақтау.

Осы мәселелерді негізге ала отырып, мынандай тұжырым жасауға болады:

Барлық жастағы топтардың балалары мен тәрбиешісінің бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру әрдайым оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жүргізілмейді. Күнделікті жоспарлауда көрсетілген әдістерді қолдану барлық жас топтарындағы бірлескен іс-шаралар кезінде әрдайым орынды бола бермейді. Күндізгі балалардың танымдық белсенділігі 4-5 жастағы топтарда жоғары. 2, 3 жас топтарында орташа. Күні бойы балалар мен тәрбиешінің бірлескен іс-әрекетінің түрлері барлық жас топтарында әртүрлі. Бір қызмет түрінен екіншісіне ауысу 3-4 және 5 жастағы топтарда 2 жастағы топтарға қарағанда жақсы ұйымдастырылған. 2 – 3 жас аралығындағы топтан басқа барлық жас топтарында балалардың өз бетінше жұмыс істеуі жоғары. Күн ішінде қозғалыс белсенділігі режимі әр жас тобында сақталады, - деді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** жедел бақылау қорытындысы қанағаттанарлық.

**VI ТЫҢДАЛДЫ:** «Мектепке дейінгі балалардың жолда жүру қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру» бойынша тақырыптық бақылауға талдамалы анықтама

**СӨЙЛЕДІ:** меңгеруші; Пиялиева Ж жыл бойы бөбекжайда балаларды жол жүру ережелеріне үйрету бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде екенін, балалардың жол-көлік жарақатының алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін топтық бөлмелерде ЖЖЕ бұрыштары безендірілген, - деді.. Жол қозғалысы ережелерін оқытуды ұйымдастыру үшін заттық-дамыту ортасын құру бойынша белгілі бір жұмыс жүргізілді, ол мынадай түрде ұсынылды: ойыншықтар мен ойын жабдықтары: көлік түрлері - жеңіл, жүк машиналары, жедел жәрдем машиналары, полиция машинасы, қуыршақтар, арбалар, жол белгілері. Көрнекі-дидактикалық құралдар бар: «Көліктер» картиналарындағы тақырыптық сөздік, «Көліктер» иллюстрациялық материал, қала көшелері бейнеленген суреттер (белгілері мен бағдаршамдары бар), жол бөлігі, қиылысулар, тротуар, жол белгілері бейнеленген суреттер. Ересектер мен балалардың бірлескен қызметін ұйымдастыру барысында тақырыптық ұйымдастырылған оқу қызметтері, мен проблемалық жағдайларға талдау жүргізіледі. «Бағдаршам», «Жолдағы белгілер», «Назар аударыңыз Жол» және қозғалмалы ойындар мен аппликация бойынша шығармашылық өнімді сабақтар «Біздің көшедегі машиналар», «Бағдаршам», «Гараждар», «Машиналар» құрастыру, «Мен көшеде жүремін» және т. б. ұйымдастырылады. Жүргізілген тақырыптық бақылау қорытындысы мектепке дейінгі жастағы балалардың жол-көлік жарақаттануының алдын алу мәселесі өзекті екенін көрсетті және ол бөбекжайда тікелей ұйымдастырылған іс-әрекет, балалардың еркін қызметі арқылы, режимдік сәттер арқылы, серуендеу кезінде шешіледі. Топтарда ЖЖЕ бойынша балаларды оқыту үшін жағдай жасалған, дидактикалық және сюжеттік-рөлдік ойындар, театрландырылған іс-шаралар, топтық және жеке әңгімелер

ұйымдастырылады. Көрнекі-иллюстративті материалдар, жылжымалы папкалар жинақталған. Алайда топтарда балалармен және ата-аналармен жұмысты жоспарлау жүйесіне назар аудару, ЖҚЕ бойынша макеттер мен схемаларды жұмыс тәжірибесінде пайдалану, балалардың танымдық және сөйлеу белсенділігін көрсету үшін сабақта оңтайлы жағдай жасау қажет, - деді.

**V ТЫҢДАЛДЫ:** Ағымдағы мәселелер

**СӨЙЛЕДІ:** меңгеруші; Пиялиева Ж топтардағы жылу беру жұмыстары күнделікті бақылауға алынып отырғанын, топтардың температурасы 22-23С көрсетіп тұрғанын айтты. Сонымен бірге, топтардағы заттық-дамытушы органы безендіру, толықтыру, ұлттық құндылықтарды нысхаттау жұмыстарын жандандыру мәселелеріне де тоқталды.

### ШЕШІМ:

1. «Бір күн ішінде балалармен бірлескен қызметті жүзеге асыруды» жедел бақылауды талдау қорытындысы қанағаттанарлық.
2. «Мектепке дейінгі балалардың жолда жүру қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру» бойынша тақырыптық бақылау қорытындысы қанағаттанарлық.

**Жиналыс төрайымы:**

**Жиналыс хатшысы:**



*[Handwritten signature]*

**Пиялиева Ж.М.**

*[Handwritten signature]*

**Акимбекова А.**

## «Балабақшадағы төсек-орынға қойылатын талаптар» баяндама

Таза, балғын төсек-орын-демалуды жағымды етеді, ал ұйқыны күшейтеді. Сонымен қатар, бұл денсаулық мәселесі – ласкірде бактериялар мен паразиттер көбейеді, бұл аллергияның, бактериялық және саңырауқұлақ инфекцияларының, респираторлық аурулардың дамуына әкелуі мүмкін. Балабақшадағы төсек-орын жабдықтары дұрыс өңделіп, үнемі өзгеріп отыруы керек. Бұл гигиенаның негізі және Санпиннің талабы. Бүгін біз балабақша үшін қандай төсек-орын қолайлы екенін, оны қалай таңбалау керектігін, оны қаншалықты жиі өзгерту керектігін және қалай жуу керектігін айтамыз.

Мектепке дейінгі мекемеде «тыныс алатын», тозуға төзімділігі жоғары экологиялық таза төсек орын қолданылуы керек. Балабақшадағы төсек-орынға қойылатын талаптар САНПИНнің талаптарына сәйкес, әрбір ұйықтайтын орын матрац төсенішімен, жастықпен және көрпемен қамтамасыз етілуі керек. Әр балаға төсек-орынның үш жиынтығы және екі матрац жамылғысы бөлінеді.

Кір жинағына мыналар кіреді: жастық қап, жайма, көрпе жамылғысы және екі сүлгі (бет пен қолға, аяққа арналған). Бір рет қолданылатын сүлгілерді қолдануға рұқсат етіледі.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесіне сатып алынған барлық жиынтықтардың сертификаты болуы керек. Балаларға арналған бұйымдар мақта, сатин, поликоттоннан тігіліп, келесі талаптарға сай болуы керек:

- \* тұрақтылықтың жоғары дәрежесі;
- \* зиянсыз бояғыштармен бояу;
- \* гипоаллергенділік;
- \* жақсы тыныс алу - кем дегенде 100 дм<sup>3</sup>/м<sup>2</sup>;
- \* меншікті беттік электр кедергісі – 1 \* 10<sup>12</sup> артық емес;
- \* гигроскопиялық кем дегенде 15 %;
- \* тозуға төзімділік – матаның тығыздығы кемінде 110 г/м<sup>2</sup>.

Мектепке дейінгі мекемеге арналған төсек-орынның өлшемдері де реттеледі:

- \* балалар төсеніштері – 117 x 100, 138 X 100, 159 x 100 см;
- көрпе жамылғылары – 125 x 120, 147 x 112, 147 x 125 см;

Көрпе жамылғысының ортасында гауһар немесе тіктөртбұрыш тәрізді мойын сызығы, сондай-ақ сыртқы жиегіндегі бекіткіш болуы мүмкін: клапан немесе найзағай. Бұл көрпені ыңғайлы орналастыру және ұйқы кезінде оның түсуіне жол бермеу үшін қажет.

\* жастық қаптары - 40 x 40, 60 X 60 см, 40 x 60, 50 x 70 см тікбұрышты бұйымдарды пайдалануға рұқсат етіледі.

Техникалық сипаттамаға және үлгі-эталонға сәйкес басқа мөлшердегі төсек-орын жабдықтарын дайындауға жол беріледі.

Балабақшадағы зығыр матаның таңбалануы және түсі.

Барлық төсек-орын алынған кезде таңбалануы керек. Бұл жеке керек-жарақтарды пайдалану әдетін дамытуға мүмкіндік береді және кірді

ауыстыруды жеңілдетеді. Таңбалауда топтың нөмірі, кереуеттің нөмірі (символы), төсек-орынның ауыстырылған күні көрсетіледі.

Таңбалау қауіпсіз түрде жүргізілуі керек. Кестені, термо жапсырмаларды, матадан жасалған аппликацияларды, экрандық суреттерді, өнеркәсіптік басып шығаруды пайдалануға рұқсат етіледі. Парактар мен көрпе жамылғыларына төменгі жиекке, жастық қаптарына – бүктелген жерлерге белгі қою керек.

Төсек-орынның түсіне келетін болсақ, қатаң шектеулер жоқ. Бірақ ұлдарға да, қыздарға да сәйкес келетін түстерге артықшылық беру ұсынылады.

Балабақшаға арналған төсек-орын суреттермен безендірілуі мүмкін. Жақсы мультфильмдермен, геометриялық өрнектермен, гүлдермен, құстармен және жағымды эмоциялар тудыратын жануарлармен жиынтықтарды таңдаған дұрыс. Балабақшадағы жатын бөлмесінің дизайнының мысалы: балаларға арналған баспасы бар көзге жағымды жасыл түсті зығыр матаның бірдей түсі таңдалды балабақшадағы төсек-орындарды ауыстыру.

Тазалықты сақтау үшін кір төсек-орын үнемі өзгеріп отырады, лас төсек-орындар сөмкелерге салынып, кір жуатын орынға жіберіледі. Төсек -орындарды ауыстыру кестесі төсек-орынның ластану дәрежесін ескере отырып өзгеруі мүмкін, бірақ ауыстыру кем дегенде бес күнде бір рет жасалуы керек. Жуылған кір жеке бөлмеде шкафтарда немесе жабық сөрелерде сақталады. Оны беру лас заттармен қиылысуды болдырмау үшін ұйымдастырылады.

Балабақшадағы төсек-орындарды өңдеу кір жуғыш ұнтақты немесе қауіпсіз құрамы бар сұйық жуғыш затты қолдану арқылы жүзеге асырылады. Ағартқыштар мен кондиционерлерді қолдануға рұқсат етіледі. Кір жуғыш заттар кір жуғыш машиналарға қолмен немесе диспенсерлер арқылы түсуі мүмкін.

Кептіргіште кептіргеннен кейін, кір үтіктеу ролигіне қарап, сұрыпталады. Махровый сүлгілері үтіктелмейді, олар кептіруден кейін бірден бүктеледі. Кіші тобындағы кірді жуу үшін жұмсақ құрамы бар арнайы балалар ұнтақтары қолданылады.

Жатын бөлмеде жалпы тазалау кезінде матрацтар мен жастықтар тікелей үй-жайда немесе шаруашылық аймағының арнайы бөлінген алаңында желдетілуі керек. Жылына бір рет төсек-орындарды камералық дезинфекциялау немесе оларды химиялық тазалау қажет.

**«Бір күн ішінде балалармен бірлескен қызметті жүзеге асыруды» жедел бақылауды  
талдау картасы**

Бақыланған күні: 5-6 қараша 2024 ж.

№	Бақылау сұрақтары	Топт:		
		«Балапан» ортаңғы тобы	«Бәйшешек» ортаңғы тобы	«Күншу» ересек то
1.	Тәрбие-білім беру жұмысының жоспарына сәйкес бірлескен қызметті ұйымдастыру	-	+	+
2.	Бірлескен қызмет барысында әдістер мен тәсілдерді қолданудың орындылығы.	-	-	-
3.	Балалардың бір күн ішіндегі танымдық белсенділігі	-	+	+
4.	Күн ішінде қызмет түрлерінің әртүрлілігі	-	+	-
5.	Бір қызмет түрінен екіншісіне ауысуды ұйымдастыру.	+	+	+
6.	Жұмыспен қамтылу кезінде балалардың өзіндік қызметі	-	-	+
7.	Күн бойы қозғалыс белсенділігі режимін сақтау	-	+	+

+ жоғары

- орта

Әдіскер



Акимубекова А.Т.

**Тақырыбы:** Бір күн ішінде балалармен бірлескен қызметті жүзеге асыру

**Күні:** 5-6 қараша 2024 ж.

**Топ:** «Бәйшешек» ортаңғы, «Балапан» ортаңғы, «Күншуақ» ересек тобы

**Тәрбиешілер:** Жиенбаева Р, Оралбекова Г Оамарова С

**Мақсаты:** бір күн ішінде балалармен бірлескен қызметті ұйымдастырудың тиімділігі.

**Бақылау материалдары:** «Бір күн ішінде балалармен бірлескен қызметті жүзеге асыру» тақырыбындағы жедел бақылау картасы.

2024 жылғы 5-6 қараша аралығында «Бір күн бойы балалардың қызметін ұйымдастыру» тақырыбына жедел бақылау жүргізілді. Осы мақсатта топтарға барып, тәрбиешілердің күнделікті жоспарлауын бақылау және тексеру нәтижесінде жедел бақылау картасы толтырылды. Бұл картада талдау үшін келесі сұрақтар ұсынылды:

- 1.Тәрбие-білім беру жұмысының жоспарына сәйкес бірлескен қызметті ұйымдастыру.
2. Бірлескен қызмет барысында әдістер мен тәсілдерді қолданудың орындылығы.
- 3.Күні бойы балалардың танымдық белсенділігі.
- 4.Күні бойы әр түрлі қызмет түрлері.
- 5.Бір қызмет түрінен екіншісіне ауысуды ұйымдастыру.
6. Өз бетінше әрекет ету кезінде балаларды жұмыспен қамту.

7. Күні бойы қозғалыс белсенділігі режимін сақтау.

Осы мәселелерді негізге ала отырып, мынандай тұжырым жасауға болады:

Барлық жастағы топтардың балалары мен тәрбиешісінің бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру әрдайым оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жүргізілмейді. Күнделікті жоспарлауда көрсетілген әдістер мен әдістерді қолдану барлық жас топтарындағы бірлескен іс-шаралар кезінде әрдайым орынды бола бермейді.

Күндізгі балалардың танымдық белсенділігі 4-5 жастағы топтарда жоғары. 3 жас топтарында орташа.

Күні бойы балалар мен тәрбиешісінің бірлескен іс-әрекетінің түрлері барлық жас топтарында әртүрлі.

Бір қызмет түрінен екіншісіне ауысу 4 және 5 жастағы топтарда 3 жастағы топтарға карағанда жақсы ұйымдастырылған.

3 жас аралығындағы топтан басқа барлық жас топтарында балалардың өз бетінше жұмыс істеуі жоғары.

Күн ішінде қозғалыс белсенділігі режимі әр жас тобында сақталады.

**Ұсыныстар:**

Тәрбиешілер күнделікті жоспарлауға, атап айтқанда бірлескен іс-шаралар барысында әдістерді қалыптастыруға жауапкершілікпен қарайды.

3 жастағы топ тәрбиешісі күн ішінде балалардың танымдық белсенділігін және өз бетінше әрекет ету кезінде балалардың жұмыспен қамтылуын жақсартады.

Әдіскер



Акимубекова А

**«Мектепке дейінгі балалардың жолда жүру қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру» бойынша тақырыптық бақылауға талдамалы анықтама**

**Тақырыбы:** «Мектеп жасына дейінгі балалардың жолдағы қауіпсіз жүріс-тұрыс негіздерін қалыптастыру»

**Бақылау жүргізу күні:** 08.11. 2024 ж.

**Бақылау объектілері:** барлық топтар.

**Тексеруші:** меңгеруші; Пиялиева Ж.М, әдіскер-Акимбекова А

**Мақсаты:** мектепке дейінгі балалардың қауіпсіз жүріс-тұрысының негіздерін қалыптастыру бойынша бөбекжайдағы тәрбие-білім беру жұмысының тиімділігін анықтау.

**Келесі сұрақтар талданды:**

1. ЖЖЕ бойынша жұмысты жоспарлау және мектепке дейінгі балалардың жол қозғалысы қауіпсіздігінің негіздерін қалыптастыру жүйесі мен вариативтілігі;

2. Заттық-дамыту ортасын талдау: мектепке дейінгі балалардың жол қозғалысы қауіпсіздігінің негіздерін қалыптастыруға арналған құралдардың болуы және әртүрлілігі;

3. Мектепке дейінгі жастағы балалардың жол қозғалысы қауіпсіздігінің негіздерін қалыптастыру бойынша жұмыс жүйесі, тікелей білім беру қызметін және мектепке дейінгі балалармен бірлескен қызметті сауатты ұйымдастыра білу;

4. Отбасымен ынтымақтастық.

Бақылаудың келесі нысандары мен әдістері пайдаланылды:

1. Балалармен ЖЖЕ-нің күнтізбелік жоспарларын талдау.

2. Осы бағыт бойынша топтарда құжаттаманы жүргізуді талдау (перспективалық жоспарлау, мектепке дейінгі балалармен жеке жұмысты жоспарлау және осы бағыт бойынша тәрбиеленушілердің ата-аналарымен жұмыс істеу).

3. МЖМБС талаптарына сәйкес заттық-дамыту ортасын ұйымдастыру.

4. Өзекті мәселелер бойынша ата-аналарға арналған көрнекі ақпаратты талдау, мектепке дейінгі балалардың жол қозғалысы қауіпсіздігінің негіздерін қалыптастыру.

**Тақырыптық тексеру барысында мыналар анықталды:**

Бірнеше жыл бойы бөбекжайда балаларды жол жүру ережелеріне үйрету бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Балалардың жол-көлік жарақатының алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін топтық бөлмелерде ЖЖЕ бұрыштары безендірілген. Жол қозғалысы ережелерін оқытуды ұйымдастыру үшін заттық-дамыту ортасын құру бойынша белгілі бір жұмыс жүргізілді, ол мынадай түрде ұсынылды: ойыншықтар мен ойын жабдықтары: көлік түрлері - жеңіл, жүк машиналары, жедел жәрдем машиналары, полиция машинасы, қуыршақтар, арбалар, жол белгілері. Көрнекі-дидактикалық құралдар бар: «Көліктер» картиналарындағы тақырыптық сөздік, «Көліктер» иллюстрациялық материал, қала көшелері бейнеленген суреттер (белгілері мен бағдаршамдары бар), жол бөлігі, қиылысулар, тротуар, жол белгілері

бейнеленген суреттер. Үстел үсті-дидактикалық ойындары. Мектепке дейінгі жастағы балаларды жолдағы жүріс - тұрыс ережелеріне оқытудың әртүрлі нысандары бойынша педагогикалық ұжыммен жұмысқа көп көңіл бөлінеді, «Мектепке дейінгі балаларды көшеде қауіпсіз жүріс-тұрысқа үйрету бойынша сабақтарды ұйымдастыру» тақырыбына ересек тобының тәрбиешісі С.Омарова кеңес өткізді. «Топтағы жол қозғалысы қауіпсіздігі бұрышын дайындау және жабдықтау» тақырыбында әдіскер А.Акимбекова тәрбиешілермен дөңгелек үстел өткізді. Топ тәрбиешілері ЖЖЕ бойынша сабақтарды жоспарлау бойынша жұмыс жоспарларында көрсетілген. Тәрбиешілер ортаңғы топтарда «Біз балабақшаға барамыз», «Көшемен танысу», «Жолдағы қауіпсіздік», «Менің үш дөңгелекті досым» тақырыптарына әңгіме жүргізді, Михалковтың «Бағдаршам», «Зайка-велосипедист», «Көше шуы», К. Чуковскийдің «Айболит» атты көркем әдебиеттерді оқу және «Көлік», «Бағдаршамда қанша көз бар?», «Жүргізуші кім?» дидактикалық ойындарын ойнау жоспарланды және өткізілді. Ересек топ тәрбиеленушілерімен «Менің жолым балабақшаға», «Жол жүру ережелері туралы», «Көше күтпеген жағдайларға толы» әңгімелері, «Жолдағы қауіпсіздік», «Автомобильден сақтан», «Тәртіпті сақта», «Жол жүру ережелері», «Жол ғылымдары мектебінде», «Көшеде және үйде қауіпсіз жүріс-тұрыс», «Жол белгілері не үшін қажет?», «Мен - Сауатты жаяу жүргінші», «Белгіні тап» дидактикалық ойындар, «Такси», «Біз жүргізушілерміз» сюжеттік-рөлдік ойындары жоспарланған.

Көптеген жылдар бойы бөбекжайда жолда жүру ережелерімен таныстыру бойынша, жүру бөлігінің құрылысы, «Зебра», «Бағдаршам» және басқа да жол белгілері, жаяу жүргіншілер үшін жол белгілері, жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерге арналған жол белгілері, көлік құралдарымен жүру ережелері (велосипед, самокат, ГАИ қызметкерлерінің жұмысы туралы, реттеуші-полицей, көлікте жүру ережелері) жұмыстары жүзеге асырылады. Осы бағдарламаны орындау балалардың өзіндік іс-әрекетінде және ұйымдастырылған оқу қызметінен тыс ұйымдастырылған білім беру қызметінде тікелей жүзеге асырылады. Ересектер мен балалардың бірлескен қызметін ұйымдастыру барысында тақырыптық ұйымдастырылған оқу қызметтері, мен проблемалық жағдайларға талдау жүргізіледі. «Бағдаршам», «Жолдағы белгілер», «Назар аударыңыз Жол» және қозғалмалы ойындар мен аппликация бойынша шығармашылық өнімді сабақтар «Біздің көшедегі машиналар», «Бағдаршам», «Гараждар», «Машиналар» құрастыру, «Мен көшеде жүремін» және т. б. ұйымдастырылады. Балалардың дербес ойындары үшін бөбекжай тәрбиешілері: көше макеттері, дидактикалық ойындар, үстел үсті ойындары, едендік жол белгілері, сюжеттік-рөлдік ойындарға атрибуттар дайындады. Ата-аналар қосымша балалар жол-көлік жарақатының алдын алу бойынша нұсқаулықпен таныстырылды. Топ тәрбиешілері ата-аналармен «Сақ болыңыздар!», «Жол жүру ережелері», «Сауатты жаяу жүргіншіні тәрбиелеу» бойынша ата-аналарға арналған жадынама, «Балалар жол-көлік жарақатының алдын алу» туралы сауалнама, «Көлікте ережелерді сақтау», «Егер бала жолда болса» «Балалардың жолдағы қауіпсіздігі» тақырыбында балалар суреттерінің көрмесін ұйымдастырды.

Педагогтармен «Балаларға жол жүру ережелері туралы», «Жол әліппесі» стендтері безендірілді. Бөбекжайда ортаңғы топтарда «Көңілді бағдаршам» дене шынықтыру-сауықтыру ойын-сауығы, ересек топтарда «Жол жүру ережелерінің сиқырлы қаласына саяхат» музыкалық ойын-сауығы, кіші топта «Қоян қалай жол жүру ережелерімен танысты» шаралар өткізілді. Бөбекжайда балалардың жол жүру ережелерін білуіне мониторинг жүргізіледі. Диагностика екі рет жүзеге асырылады. 2018 жылы мектеп жасына дейінгі балалардың жол жүру ережелері бойынша білім деңгейін анықтау мақсатында оқу жылының басталуы мен мамыр айында оқу жылының қорытындысы бойынша көшеде қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын және түсініктерін меңгеру деңгейін анықтау мақсатында жүргізілді. Кіші топтың балалары көлік түрін атай алады, машинаның бөліктерін ажырата алады, өз тегі, аты, өз қаласының атауы, көшесін біледі, жолда қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері туралы түсініктері бар. Ересек топтағы балалар кеңістікте жақсы бағдарланады, көлік түрлері туралы түсінікке ие, жүк және жеңіл көліктерін ажырата алады, мамандандырылған көлікті тағайындау туралы түсінікке ие, жолда қандай қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін сақтау керектігін, жолда тек қана жасыл жарыққа өтуге болатынын біледі. Балалар қай ауылда тұратынын біледі, өзінің мекен-жайын, телефонын атай алады, балабақшадан үйге қауіпсіз жолын біледі, жол белгілерін атай алады.

#### **Тақырыптық бақылау бойынша қорытынды:**

Жүргізілген тақырыптық бақылау мектепке дейінгі жастағы балалардың жол-көлік жарақаттануының алдын алу мәселесі өзекті екенін көрсетті және ол бөбекжайда тікелей ұйымдастырылған іс-әрекет, балалардың еркін қызметі арқылы, режимдік сәттер арқылы, серуендеу кезінде шешіледі. Топтарда ЖЖЕ бойынша балаларды оқыту үшін жағдай жасалған, дидактикалық және сюжеттік-рөлдік ойындар, театрландырылған іс-шаралар, топтық және жеке әңгімелер ұйымдастырылады. Көрнекі-иллюстративті материалдар, жылжымалы папкалар жинақталған. Алайда топтарда балалармен және ата-аналармен жұмысты жоспарлау жүйесіне назар аудару, ЖЖЕ бойынша макеттер мен схемаларды жұмыс тәжірибесінде пайдалану, балалардың танымдық және сөйлеу белсенділігін көрсету үшін сабақта оңтайлы жағдай жасау қажет.

#### **Ұсыныстар:**

1. Жол қозғалысы қауіпсіздігінің негіздері саласында балалардың жасына сәйкес танымдық дамуы үшін бөбекжайда жағдай жасауды жалғастыру.
2. Дамытушы ортаны құру кезінде, балалардың жас ерекшеліктерін және оқылатын материалдардың динамикалық принципін ескеру.
3. Тәрбиеленушілердің ата-аналарын балалардың жол-көлік жарақатының алдын алу бойынша өзара іс-қимылға тартуды жалғастыру.

Әдіскер



А.Акимбекова

### №3 әкімшілік жиналыс

Уақыты: 06ақпан 2025 жыл

№	Күн тәртібінде қаралатын мәселелер	Мерзімі	Жауаптылар
<b>№3 әкімшілік жиналыс</b>			
1.	№2 әкімшілік жиналыс жиын шешімдерінің орындалуы	Ақпан	Меңгеруші
2.	Бөбекжай ауласының санитарлық жағдайы		Шаруашылық меңгерушісі
3.	Консультациялық пункт жұмысы		Әдіскер
4.	Педагогикалық ұжымды Әдеп кодексімен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен таныстыру		Сыбайлас жемқорлық бойынша жауапты тұлға
5.	Ағымдағы мәселелер		Меңгеруші

№3 әкімшілік жиналысқа педагогтар мен қызметкерлердің қатысуын  
тіркеу

Күні: 06 ақпан 2025 жыл

№	Қызметкерлердің аты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	Пиылиева Ж.М.	Меңгеруші	
2.	Акимбекова А.Т.	Әдіскер	
3.	Садықов Ш	Музыкалық жетекші	
4.	Ералиева Қ.	Педагог-психолог	
5.	Жиенбаева Р.	Тәрбиеші	
6.	Анарбекова Г.	Тәрбиеші	
7.	Дүйсебаева Э.	Тәрбиеші	
8.	Омарова С.	Тәрбиеші	
9.	Оралбекова Г.	Тәрбиеші	
10.	Бәйменова Г.	Тәрбиеші	
11.	Пиылиев А	Күзетші	
11	Құрмашев Н.	Көлік жүргізуші	
12.	Абильдаева А	Медбике	
13.	Ақназарова С.	Есепші	
14.	Сейітқұлова С	Тәрбиеші көмекшісі	
15.	Сералиева А.	Тәрбиеші көмекшісі	
16.	Чубаева Ж.	Тәрбиеші көмекшісі	
17.	Қарсақова Г.	Аспаз	
18.	Мурзалиева А.	Аспаз	
19.	Игенова М	Кір жуу машинасының операторы,	
20.	Абильдаева А	Шаруашылық меңгерушісі	

**№ 3**

**Әкімшілік жиналыс хаттамасы**

**Уақыты:** 06 ақпан 2025 жыл

**Әкімшілік жиналыстың өтілетін орны:** «Ақбота»бөбекжай-бақшасы» МКҚК

**Төрайымы:** Меңгеруші; Пиялиева Ж.М.

**Хатшы:** Акимбекова А.Т.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

№2 әкімшілік жиналыс жиын шешімдерінің орындалуы	Меңгеруші
Бөбекжай ауласының санитарлық жағдайы	Шаруашылық меңгерушісі
Консультациялық пункт жұмысы	Әдіскер
Педагогикалық ұжымды Әдеп кодексімен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен таныстыру	Сыбайлас жемқорлық бойынша жауапты тұлға
Ағымдағы мәселелер	Меңгеруші

## Әкімшілік жиналыс хаттамасы №3

Уақыты: 06 ақпан 2025 жыл

Әкімшілік жиналыстың өтілетін орны: «Ақбота бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Төрайымы: Пиялиева Ж.М. меңгеруші

Хатшы: Акимбекова А.Т. әдіскер

### КҮН ТӘРТІБІ:

- |   |  |
|---|--|
| 1. №2 әкімшілік жиналыс жиын шешімдерінің орындалуы   | Меңгеруші                                |
| 2. Бөбекжай ауласының санитарлық жағдайы  | Шаруашылық меңгерушісі<br>Әдіскер        |
| 3. Консультациялық пункт жұмысы   |  |
| 4. Педагогикалық ұжымды Әдеп кодексімен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен таныстыру | Сыбайлас жемқорлық бойынша жауапты тұлға |
| 5. Ағымдағы мәселелер   | Меңгеруші                                |

**I ТЫҢДАЛДЫ:** №2 әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы

**СӨЙЛЕДІ:** бөбекжай меңгерушісі Пиялиева Ж.М. өткен әкімшілік жиналысының шешімінің орындалысына тоқталып өтті. Тәрбиеленушілерді топтарда тамақтандыру, суық тиюдің алдын алу, балалардың денсаулығын сақтау жұмыстары жоспарға сай санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтай отырып жүргізілуде, - деді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** өткен әкімшілік жиналыс шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

**II ТЫҢДАЛДЫ:** Бөбекжай ауласының санитарлық жағдайы

**СӨЙЛЕДІ:** шаруашылық меңгерушісі Абилядаева А бөбекжай ауласының тазалық жұмыстарының жағдайы туралы тоқталды. Бөбекжай ауласы қардан тазаланып, айналадағы қарлар бөбекжай ауласынан сыртқа шығарылды. Топ учаскелері тазаланып, балалардың серуенге шығуына толық жағдай жасалынды, - деді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Бөбекжайдың ауласының тазалығы қанағаттанарлық.

**III ТЫҢДАЛДЫ:** Консультациялық пункт жұмысының деңгейі

**СӨЙЛЕДІ:** әдіскер Акимбекова А.Т. балабақшаға келе алмай жүрген үйдегі балалардың ата-аналарымен Консультациялық пункт жұмыс жоспары бойынша жүргізілуде. Ата-аналарға ерте жас балаларымен ойын түрлерімен таныстыру, өзін-өзі қалай ұстау ережелерімен таныстыру мақсатында әр түрлі кеңестер беріліп отырылады. Бөбекжайда балалардың отбасылық білім беру түрінде мектепке дейінгі білім алуын қамтамасыз ететін ата-аналарға (занды өкілдерге) әдістемелік, психологиялық, педагогикалық, диагностикалық және консультациялық көмек көрсету мақсатында отбасылық және әлеуметтік тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ету, отбасылық қиындықтардың алдын алу, ата-аналардың құзыреттілігін қалыптастыру, 3 жастан 5 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарға жан-жақты көмек көрсету мақсатында кеңес беру орталығы жұмыс жүргізуде. Консультациялық орталықтың жұмысы бөбекжайда бірнеше бағытта жүзеге асырылады: 1-бағыт - 3 жастан 5 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық консультациялар ұсынатын қызмет. Әрбір ата-ана телефон арқылы бір немесе бірнеше маманның қатысуымен қызығушылық мәселесі бойынша консультация, әдістемелік ұсыныс ала алады, егер кеңес 15 минуттан аспаса, 2-бағыт - ВАТСАП әлеуметтік желісінде мамандардың кеңесін ала алатын парақ құрылды. 3-бағыт «Бірге жүру» бағдарламасын іске асыру. Мектепке дейінгі тәрбиешілер, ата-аналар мен балалар арасындағы өзара әрекеттестік. Бағдарламаны іске асыру балабақша мамандары аптасына бір рет ата-аналар мен 3 жастан 5 жасқа дейінгі балаларға арналған бірлескен ойын, тренинг сабақтары түрінде жүргізеді. «Бірге жүру» бағдарламасының мақсаты - ойын әрекеттерін

ұйымдастырудың заманауи әдістерін қолдану негізінде жас балаларды жан-жақты дамыту.  
«Бірге жүру» бағдарламасын іске асырудағы негізгі міндеттер:  
- ойын әрекеті арқылы жас балаларды әлеуметтендіру;  
- баланың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту үшін отбасына көмек көрсету;  
- ата-аналар мен мектепке дейінгі тәрбиешілерді балалармен ойынның өзара әрекеттесу әдістерімен, ойын жабдықтарының заманауи түрлерімен таныстыру - таңдау критерийлері және ойын жабдықтарының оңтайлы түрін қалыптастыру бойынша ата-аналарға кеңес беру;

Қызметтің мазмұны мен әдістері балабақшадағы білім беру және оқыту бағдарламасымен анықталады. «Бірге жүру» бағдарламасы бойынша жұмыстың негізгі формалары әдіскер, тәрбиешілер, білім беру психологы, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі жеке және топтық ойын сабақтары, кеңестер, тренингтер, әңгімелер. Кеңес беру орталығы қызметі жалпы басқаруды және үйлестіруді қамтамасыз етеді. Ойын әрекетінде қолданылатын заманауи техникаларға негізделген мақсатты жан-жақты дамыту бойынша жұмысты ұйымдастырады,- деді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Консультациялық пункт жұмысының деңгейі қанағаттанарлық.

**IV ТЫҢДАЛДЫ** Педагогикалық ұжымды Әдеп кодексімен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен таныстыру

**СӨЙЛЕДІ:** Сыбайлас жемқорлық бойынша жауапты тұлға Ералиева Қ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 9 Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы бұйрығы Қазақстан Республикасы Конституциясының, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес әзірленді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделген. Қағидалар білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері басшылыққа алатын педагогикалық әдеп қағидаттары мен нормаларының жалпы жиынтығын білдіреді. Қағидалар ережелерін педагог қызметкерлердің білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттарымен және міндеттерімен таныстырып өтті. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (*бұдан әрі - Министрлік*) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласына арналған ұсынымдар жүйесін орнатуға бағытталған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары заңдылық, ашықтық, әдептілік, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау, мүдделер қақтығысын болдырмау болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдарға арналған ұсынымдарды анықтайды,- деді.

**V ТЫҢДАЛДЫ** Ағымдағы мәселелер

**СӨЙЛЕДІ:** меңгеруші; Пиляева Ж.М. топтардағы жылу беру жұмыстары күнделікті бақылауға алынып отырғанын, топтардың температурасы +21+22С көрсетіп тұрғанын айтты. Сонымен бірге, 8-21 наурыз мерекелеріне байланысты топтарды безендіру, мерекелік шараны ұйымдастыру жұмыстарын уақытылы жүргізу, ата-аналарға алдын ала өтетін уақытын айтып, балалардың, персонаждардың киімдерін тігіп, реттеп қою жөнінде айтып өтті.

**ШЕШІМ:**

1. Тазалық жұмыстары бақылауға алынсын.

Мерзімі: жыл бойы

Жауаптылар: медбике, шаруашылық меңгерушісі, тәрбиеші көмекшілері

2. Консультациялық пункт жұмыс деңгейі қанағаттанарлық.

Мерзімі: жыл бойы

Жауаптылар: әдіскер, медбике, тәрбиешілер

Жиналыс төрайымы:

Жиналыс хатшысы:



Пиялиева Ж.М.

Акимбекова А.Т.

## Бөбекжай ауласының санитарлық жағдайы

СанПин-де мектепке дейінгі білім беру мекемесін салу үшін жер учаскелері іріктелетін нормативтер қатаң жазылған. Ондай жеңілдік түрлері мыналар:

- жақын жерде өнеркәсіптік кәсіпорындардың болмауы;
- атмосфералық ауаның ластануын өлшеу;
- таза ауада ойын алаңдарын табиғи жарықтандыру мүмкіндігі.

СанПин балабақшасының ауласын жобалаудың маңызды шарттарының бірі-жасыл кеңістіктердің жеткілікті саны. Сонымен, аумақтағы ағаштар мен бұталардың минималды рұқсат етілген деңгейі учаскенің бүкіл ауданының бестен бір бөлігін құрайды, бұл дамуға қатыспайды. Әдетте, мұндай ағаштар ойын алаңдарын бөлу үшін пайдаланылады немесе ауланың периметрі бойынша қоршаудың бойымен орналастырылады, оның болуы да міндетті. Аумақта жеміс беретін немесе улы өсімдіктерді отырғызуға қатаң тыйым салынады. Сонымен қатар, балабақшалардың ойын алаңдарын безендіруге жеке талаптар бар. Ондай жеңілдік түрлері мыналар:

- спортпен шұғылдану үшін дене шынықтыру секцияларының міндетті түрде болуы;
- топтың бір баласына ең аз дегенде 7 ш. м. негізінде есептелетін ең аз алаңның болуы;
- балаларды жауын-шашыннан және күннен қорғауға арналған шатырлардың болуы;
- балалар арбаларын, шаналарды, шаңғыларды және басқа да көліктерді жаңбыр мен қардан қорғайтын қосымша сақтау аймағын жабдықтау.

Балабақша аумағының тазалығына келетін болсақ, қыста учаскелердегі қарды тазарту қажет. Жазда, ыстық ауа-райында, өсімдіктерді күніне кемінде екі рет суару керек. Учаскені санитарлық тазалау таңертең және кешке (тәрбиеленушілер келгенге дейін және кеткеннен кейін) жүргізіледі. Қазіргі күнде бөбекжай ауласы қардан тазаланып, айналадағы қарлар бөбекжай ауласынан сыртқа шығарылды. Топ учаскелері тазаланып, балалардың серуенге шығуына толық жағдай жасалынды.

## Консультациялық пункт жұмысының деңгейі

балабақшаға келе алмай жүрген үйдегі балалардың ата-аналарымен Консультациялық пункт жұмыс жоспары бойынша жүргізілуде. Ата-аналарға ерте жас балаларымен ойын түрлерімен таныстыру, өзін-өзі қалай ұстау ережелерімен таныстыру мақсатында әр түрлі кеңестер беріліп отырылады. Бөбекжайда балалардың отбасылық білім беру түрінде мектепке дейінгі білім алуын қамтамасыз ететін ата-аналарға (заңды өкілдерге) әдістемелік, психологиялық, педагогикалық, диагностикалық және консультациялық көмек көрсету мақсатында отбасылық және әлеуметтік тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ету, отбасылық қиындықтардың алдын алу, ата-аналардың құзыреттілігін қалыптастыру, 3 жастан 5 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарға жан-жақты көмек көрсету мақсатында кеңес беру орталығы жұмыс жүргізуде. Консультациялық орталықтың жұмысы бөбекжайда бірнеше бағытта жүзеге асырылады: 1-бағыт - 3 жастан 5 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық консультациялар ұсынатын қызмет. Әрбір ата-ана телефон арқылы бір немесе бірнеше маманның қатысуымен қызығушылық мәселесі бойынша консультация, әдістемелік ұсыныс ала алады, егер кеңес 15 минуттан аспаса, 2-бағыт - ВАТСАП әлеуметтік желісінде мамандардың кеңесін ала алатын парақ құрылды. 3-бағыт «Бірге жүру» бағдарламасын іске асыру. Мектепке дейінгі тәрбиешілер, ата-аналар мен балалар арасындағы өзара әрекеттестік. Бағдарламаны іске асыру балабақша мамандары аптасына бір рет ата-аналар мен 3 жастан 5 жасқа дейінгі балаларға арналған бірлескен ойын, тренинг сабақтары түрінде жүргізеді. «Бірге жүру» бағдарламасының мақсаты - ойын әрекеттерін ұйымдастырудың заманауи әдістерін қолдану негізінде жас балаларды жан-жақты дамыту. «Бірге жүру» бағдарламасын іске асырудағы негізгі міндеттер:

- ойын әрекеті арқылы жас балаларды әлеуметтендіру;
- баланың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту үшін отбасына көмек көрсету;
- ата-аналар мен мектепке дейінгі тәрбиешілерді балалармен ойынның өзара әрекеттесу әдістерімен, ойын жабдықтарының заманауи түрлерімен таныстыру - таңдау критерийлері және ойын жабдықтарының оңтайлы түрін қалыптастыру бойынша ата-аналарға кеңес беру;

Қызметтің мазмұны мен әдістері балабақшадағы білім беру және оқыту бағдарламасымен анықталады. «Бірге жүру» бағдарламасы бойынша жұмыстың негізгі формалары әдіскер, тәрбиешілер, білім беру психологы, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі жеке және топтық ойын сабақтары, кеңестер, тренингтер, әңгімелер. Кеңес беру орталығы қызметі жалпы басқаруды және үйлестіруді қамтамасыз етеді. Ойын әрекетінде қолданылатын заманауи техникаларға негізделген мақсатты жан-жақты дамыту бойынша жұмысты ұйымдастырады. Педагог-психолог балалармен және ата-аналармен балалардың сенсорлық тәжірибесін байытуға, ата-аналарды баламен қарым-қатынас жасауға үйретуге, ата-ана мен бала арасында қолайлы эмоционалды ахуал құруға бағытталған бірлескен

сабақтар өткізеді. Әр баланың дамуын, психологиялық жағдайын, оның эмоционалдық әл-ауқатын диагностикалау бойынша жұмыстар жүргізеді. Қоршаған орта объектілері туралы түсінік қалыптастыруға, дидактикалық материалмен, сенсорлық тәжірибемен ойындардағы тәжірибені байытуға, қоршаған әлеммен тікелей қатынасты байытуға бағытталған. Балалардың өмірлік тәжірибесін жаңа әсер мен жағымды эмоциялармен байытуға, қоршаған әлемге қызығушылықты оятуға, балалардың қызығушылығын дамытуға, ата-аналарға баланы дұрыс тәрбиелеу мен дамытуға үйретуге бағытталған ойын сабақтарын өткізеді. Кішкентай балаларды тәрбиелеу мен дамытуды өндірістік іс-әрекет арқылы жүзеге асырады. Шығармашылық қабілеттерін дамытуға және олардың визуалды дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Балалардың қарындаш, гуашь, пластилин, бояулар, қылқаламмен іс-әрекетке қызығушылығын оятады.

Музыкалық жетекші музыкалық іс-әрекеттің алғышарттарын дамытуға бағытталған бірлескен ойын сабақтарын өткізеді, музыкалық-шығармашылық іс-әрекет арқылы балалардың эмоционалдық аясын дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізеді. Балалардың музыкалық қабілеттерін дамытуға, оларда жалпы мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді. Әр қызметкер құжаттаманы жүргізеді, өз қызметінің нәтижелерін талдайды және қорытындылайды; ата-аналарға диагностикалық білім беруге белсенді қатысады. «Бірге жүру» бағдарламасын іске асыруға қатысатын барлық педагогтар әр балаға жеке сараланған тәсілді жүзеге асыра отырып, кішкентай балаларды әлеуметтендіру, оларды балабақша мен мектепке дейінгі ұжым жағдайына бейімдеу бойынша жұмыстар жүргізеді. Олар ата-аналарға заманауи ойын техникасын қолдануға кеңес береді, балаларға ойын қолдау техникасын үйретеді. Мектепке дейінгі мекемеде балалар мен олардың ата-аналарының ойын әрекеттері үшін (музыкалық зал) кең жарық бөлмесі бөлінген, мұнда балалардың жасына сәйкес білім беретін ойыншықтар мен оқу құралдары; ойындарға арналған жабдықтар, құрғақ бассейн, жұмсақ модульдер, балалардың физикалық белсенділігін дамытуға арналған ойын материалы бар. Барлық ойын сабақтарының барысында балабақша мамандары қимылдарды, сезімді, зейінді, есте сақтауды, ойлау мен сөйлеуді дамытуға, сонымен бірге шығармашылыққа, саусақ гимнастикасына, артикуляциялық гимнастикаға және босаңсыту жаттығуларына арналған ойындар өткізеді. Сондай-ақ, медбике ата-аналарды әр түрлі жастағы балалардың даму ерекшеліктерімен таныстырады, балаларға дұрыс тамақтану, оларды күту, шынықтыру туралы практикалық кеңестер береді, ата-аналарға массаж техникасын үйретеді. Ойын сабақтарына балалар және олардың ата-аналары (заңды өкілдері) қатысады. Сабақтар кіші топтарда 8 адамнан аспайды. Ұзақтығы бір сағаттан аспайтын сабақ кестесі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін және ата-аналардың өтініштерін ескере отырып белгіленеді. Бір уақытта бірнеше мамандар жас балалар мен ата-аналардың кіші тобымен жұмысты ұйымдастыра алады. Баламен жеке жұмыс ата-аналарының (заңды өкілдерінің) қатысуымен жүзеге асырылады. Ата-аналарға арналған балаларды дамыту, тәрбиелеу, денсаулығын нығайту, ата-аналардың педагогикалық құзіреттілігін дамыту

бойынша әр түрлі тақырыптағы жадынамалар, брошюралар, буклеттер шығарылады. Жеке және топтық консультациялар барысында педагогтар ата-аналармен балалардың дамуы мен эмоциональдық жағдайындағы өзгерістер туралы ақпарат алмасады, одан әрі жұмыс туралы келіседі, қол жеткізілген нәтижелер туралы ата-аналарға хабарлайды және баламен одан әрі жұмыс жасау және үйде ойын ортасын құру бойынша ұсыныстар береді.

### **Педагогикалық ұжымды Әдеп кодексімен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен таныстыру**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 9 Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы бұйрығы Қазақстан Республикасы Конституциясының, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес әзірленді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделген. Қағидалар білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері басшылыққа алатын педагогикалық әдеп қағидаттары мен нормаларының жалпы жиынтығын білдіреді. Қағидалар ережелерін педагог қызметкерлердің білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- 1) адалдық: Педагог адалдығы олардың оқыту мен тәрбиелеу нәтижесіне, өз қызметіндегі түзетулерді жүзеге асыра білуіне, сынға және рефлексияға қабілетін дамытуға, оқушылардың, ата-аналардың, әріптестердің кез келген пікірі үшін ашықтығына жауапкершілігін білдіреді;
- 2) әділдік: Педагог әділдігі оның бағалау қызметінің ашықтығын, олардың құрған білім беру ортасының айқындылығын білдіреді. Әділдік педагогке оқушының, оның ата-анасының (заңды өкілдерінің), әріптестерінің құқығын бұзуға тыйым салады;
- 3) өзінің абыройын және қадір-қасиетін құрметтеу: Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік танытады. Білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермейді;
- 4) жалпы адами құндылықтарды құрметтеу: педагог жалпы адами құндылықтардың басымдылығын мойындай отырып, әрбір ұлт мәдениетін ерекшелігіне, құндылығына және қадір-қасиетіне құрметпен қарайды. Педагог ұлтаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелейді, білім алушыларды жасына, жынысына, тіліне, ұлтына, діни көзқарасына, азаматтығына, шығу

тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына немесе өзге де кез келген жағдайларға қарамастан барлық ұлттар мен барлық адамдардың құқығы мен қадір-қасиетін құрметтеуге үйретеді; Педагог мектеп ұжымында сенім білдіру және құрметтеу ахуалын жасауға мүмкіндік туғызады;

5) кәсіби ынтымақтастық; педагог мамандық мәртебесі туралы ойлайды, әріптестерінің абыройын және қадір-қасиетін құрметтейді, мұғалім беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге жол бермейді. Педагог, қандай да бір дұрыс емес нәрселерді жасауға, өз әріптестерінің сеніміне нұқсан келтіруге, олардың кәсіби міндеттерін атқаруына кедергі жасауға, оларға қандай да бір шығын келтіруге жол бермейді. Педагог өз әріптестерінің теориялық және әдістемелік шеберлік деңгейін арттыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға, қиын жағдайға тап болған әріптестеріне көмек беруге жәрдем көрсетеді. Кәсіби ынтымақтастық жалғандық пен әділетсіздікті ақтауға қызмет етпейді;

6) үздіксіз кәсіби даму. Педагог өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін жетілдіреді. Педагогикалық әдептің негізгі нормалары

Педагог қызметкер өз қызметінде:

- 1) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға, жоғары адамгершілік тұрғыда тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды;
- 2) Қазақстан Республикасы педагог қызметкерінің жоғары атағының беделін түсіруге мүмкіндік туғызатын іс-әрекеттерді жасауға жол бермейді;
- 3) өзінің қызметтік міндетін адал және сапалы орындайды;
- 4) өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді, өз бетінше білім алу және өзін-өзі жетілдірумен белсенді түрде айналысады;
- 5) еңбектәртібін бұлжытпай сақтайды;
- 6) білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды және оны жеке мақсатта пайдаланбайды;
- 7) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдайды, өзінің шыншыл, адал және әділ мінез-құлқымен үлгі болады;
- 8) қызметтік ақпараттарды пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермейді;
- 9) өзі үлгі бола отырып, ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай қалыптастыруға мүмкіндік жасайды;
- 10) өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезеңінде іскерлік киім үлгісінде болады.

Білім беру процесіне қатысушылармен қарым-қатынас жасауда педагог қызметкер:

- 1) жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайларына немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан адамның құқығын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді;
- 2) білім беру процесіне қатысушыларға қатысты қаржылық және өзге де бопсалау фактілеріне жол бермейді, өз әріптестері тарапынан осындай іс-әрекеттерді болдырмау үшін күш салады;

3) өз іс-әрекетімен қоғам тарапынан дәлелді сындарға жол бермейді, оған сабырлықпен қарайды, өзінің кәсіби қызметіндегі кемшіліктерді жою және оны жақсарту үшін сындарлы сынды пайдаланады;

4) білім беру процесінің қатысушыларына кәсіби қолдау көрсетеді.

Әріптестермен қарым-қатынас жасауда педагог қызметкер:

1) жалпы қабылданған адамгершілік-әдептілік нормаларын, сыпайылық пен биязылықты сақтайды;

2) баса педагог қызметкердің кәсіби біліктілігіне көпшілік алдында күмән келтірмейді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі - *Министрлік*) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартысыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласына арналған ұсынымдар жүйесін орнатуға бағытталған.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары:

1) заңдылық;

2) ашықтық;

3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қақтығысын болдырмау болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдарға арналған ұсынымдарды анықтайды.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартың негізіне сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу көзқарасы тұрғысынан:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қамтитын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау;

3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жобасын дайындау;

4) тиісті тіршілік әрекеті саласының ерекшелігіне байланысты өзге де қоғамдық маңызы бар қарым-қатынас кезінде лауазымдық міндеттерді орындау бойынша тікелей іс-әрекеттер алынған.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қамтитын тиісті салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді;

- 2) Қазақстан халқының бірлігі мен еліміздің ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа да тілдерді, Қазақстан халқының салт-дәстүрлерін құрметтеу;
- 3) жеке тұлғалармен, заңды тұлғалар өкілдерімен және әріптестермен қарым-қатынас жасауда адал, әділ, қарапайым болу, көпшілік мақұлдаған моральдық-әдептілік нормаларын сақтау, сыпайылық және биязылық таныту;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын қабылданған шешімнің айқындылығын қамтамасыз ету;
- 5) өз әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға ұшырауға, сынның артына түспеуге жол бермеу, өз әрекетінің кемшіліктерін жою және жақсарту үшін конструктивті сынды қолдану;
- 6) жеке басының мәселесін шешу барысында мемлекеттік органдар, ұйымдар, мемлекеттік қызмет және басқа адамдардың әрекеттеріне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;
- 7) шындыққа сәйкес емес мәліметтерді таратпау;
- 8) заң бойынша тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген қылықтар мен өзге де заң бұзушылықтар жасауға жол бермеу;
- 9) мемлекеттік органда еңбек заңнамасы мен мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы орындауды қамтамасыз ету, еңбек тәртібі мен шарттарын сақтауды, сондай-ақ мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді қамтамасыз ету басшылыққа алынады.

## №4 әкімшілік жиналыс

Уақыты: 13 мамыр 2025 жыл

№	Күн тәртібінде қаралатын мәселелер	Мерзімі	Жауаптылар
<b>№3 әкімшілік жиналыс</b>			
1.	№3 әкімшілік жиналыс жиын шешімдерінің орындалуы	мамыр	Меңгеруші
2.	Кәсіподақ ұйымының жылдық жұмыс қорытындысы		Кәсіподақ ұйымының төрайымы
3.	Ағымдағы жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу		Шаруашылық меңгерушісі
4.	Ағымдағы мәселелер		Меңгеруші

### №4 Әкімшілік жиналысқа педагогтар мен қызметкерлердің қатысуын тіркеу

Күні: 13 мамыр 2025 жыл

№	Қызметкерлердің аты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	Пиялиева Ж.М.	Меңгеруші	
2.	Акимбекова А.Т.	Әдіскер	
3.	Жиенбаева Р	Тәрбиеші	
4.	Анарбаева Г	Тәрбиеші	
5.	Дүйсебаева Э	Тәрбиеші	
6.	Омарова С.	Тәрбиеші	
7.	Оралбекова Г.	Тәрбиеші	
8.	Бәйменова Г.	Тәрбиеші	
9.	Ералиева Қ	Тәрбиеші	
10.	Садықов Ш	Тәрбиеші	
11.	Қарсақова Г	Аспаз	
12.	Мурзалиева А.	Аспаз көмекшісі	
13.	Құрмашев Н	Көлік жүргізуші	
14.	Пиялиев А	Кузетші	
15.	Абильдаева А.	Медбике	
16.	Ақназарова С.	Есепші	
17.	Сейткулова С.	Тәрбиеші көмекшісі	
18.	Сералиева А.	Тәрбиеші көмекшісі	
19.	Чубаева Ж.	Тәрбиеші көмекшісі	
20.	Игенова М.	Кір жуу машинасының операторы	
21.	Абильдаева А	Шаруашылық меңгерушісі	

## Әкімшілік жиналыс хаттамасы №4

Уақыты: 18 мамыр 2025 жыл

Әкімшілік жиналыстың өтілетін орны: «Ақбота бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Төрайымы: Пиялиева Ж.М.-менгеруші

Хатшы: Акимбекова А.Т.-әдіскер

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. №3 әкімшілік жиналыс жиын шешімдерінің орындалуы Менгеруші
2. Кәсіподақ ұйымының жылдық жұмыс мамыр қорытындысы Кәсіподақ ұйымының төрайымы
3. Ағымдағы жөндеу жұмыстарын Шаруашылық меңгерушісі
4. Ағымдағы мәселелер Менгеруші

**I ТЫҢДАЛДЫ:** №3 әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы

**СӨЙЛЕДІ:** бөбекжай меңгерушісі; Пиялиева Ж.М. өткен әкімшілік жиналысының шешімінің орындалысына тоқталып өтті. ауа-райының жылынуына байланысты бөбекжай ауласын тазалау, ақтау, көгалдандыру жұмыстары жүргізілуде. Бөбекжай ғимаратының фасады, топтардың учаскелеріндегі ойыншықтар, әткеншектер, үйшіктер ақталып, боялды. Консультациялық пунктке 6 отбасымен қашықтықтан кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Педагогикалық әдепті сақтау, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу бойынша жұмыстар жоспар бойынша жүргізілді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** өткен әкімшілік жиналыс шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

**II ТЫҢДАЛДЫ:** Кәсіподақ ұйымының жылдық жұмыс қорытындысы

**СӨЙЛЕДІ:** Кәсіподақ ұйымының төрайымы; Дүйсебаева Э сөз алды. Бөбекжайдағы жалпы жұмыскерлер саны-21. Олардың барлығы кәсіподақ ұйымының мүшелері. Бөбекжайдағы кәсіподақ ұйымының негізгі мақсаты бөбекжай қызметкерлерінің құқықтарын, мүдделерін қорғау. Бекітілген жоспарға сай тоқсан сайын кәсіподақ ұйымының мүшелері есепке алынып, кәсіподақ ұйымына жаңадан кірген мүшелердің өтініштері қабылданып, тізімдер жаңартылып, кәсіподақ отырыстары мен жиналыстарында есепші мүшелік жарналардың төленуі жайлы есебін жасап отырды. Ұжымға жаңадан қабылданған жұмыскерлер кәсіподақ ұйымының мақсат-міндеттерімен таныстырылып, ұжымдық шартты түсіндіру жұмыстары жүргізілді

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** Кәсіподақ ұйымының жұмысы қанағаттанарлық.

**III ТЫҢДАЛДЫ:** Ағымдағы жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу

**СӨЙЛЕДІ:** Шаруашылық меңгерушісі Абилядаева А сөз алды. Биылғы ағымдық жөндеу жұмыстары шілде айына жоспарланып отыр. Барлық топтардың қабылдау бөлмелері қайта сырланып, боялады. Учаскелерге балалар ойнайтын ойыншықтар алу жоспарланып отыр,-деді.

**IV ТЫҢДАЛДЫ:** Ағымдағы мәселелер

**СӨЙЛЕДІ:** меңгеруші; Пиялиева Ж.М. жазғы маусымдық жұмыстар, қызметкерлердің еңбек демалыстары туралы айтып өтті.

## ШЕШІМ:

1. Тазалық жұмыстары бақылауға алынсын.

Мерзімі: жыл бойы

Жауаптылар: медбике, шаруашылық меңгерушісі, тәрбиеші көмекшілері

Жиналыс төрайыбы:

Пиялиева Ж.М.

Жиналыс хатшысы:

Акимбекова А.Т.

### **Кәсіподақ ұйымының жылдық жұмыс қорытындысы**

Бөбекжайдағы жалпы жұмыскерлер саны-21. Олардың барлығы кәсіподақ ұйымының мүшелері. Бөбекжайдағы кәсіподақ ұйымының негізгі мақсаты бөбекжай қызметкерлерінің құқықтарын, мүдделерін қорғау. Бекітілген жоспарға сай тоқсан сайын кәсіподақ ұйымының мүшелері есепке алынып, кәсіподақ ұйымына жаңадан кірген мүшелердің өтініштері қабылданып, тізімдер жаңартылып, кәсіподақ отырыстары мен жиналыстарында есепші мүшелік жарналардың төленуі жайлы есебін жасап отырды. Ұжымға жаңадан қабылданған жұмыскерлер кәсіподақ ұйымының мақсат-міндеттерімен таныстырылып, ұжымдық шартты түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 2024 жылы жақын туыстарының қайтыс болуына байланысты әдіскер А.Акимбекова бала тууға байланысты тәрбиеші Г.Анарбаева мен С.Омароваға аудандық кәсіподақ ұйымынан материалдық көмек беру сұранысы жасалып, ақшалай көмек көрсетілді. Жыл бойы бөбекжай қызметкерлерінің денсаулықтарын нығайту, жұмысқа деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында кәсіподақ ұйымы «Мұғалімдер күні», «Жаңа жыл», «8 наурыз Халықаралық әйелдер күні», «22-наурыз» сияқты әр түрлі мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастырды. 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында кәсіподақ ұйымы тәрбиеші аудандық білім бөлімінің, ал аспаз Г.Қарсақова ауыл әкімінің марапаттауына ұсынып, тәрбиеші Р.Жиенбаева аудандық білім бөлімінің, аспаз Г.Қарсақова ауыл әкімінің грамоталарымен марапатталды. Кентімізде өткен Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамын тойлауға кәсіподақ мүшелері бір кісідей ат салысты. Бұл мерекелерде кәсіподақ ұйымы тарапынан салтанатты жиындар, мерекелік концерттер ұйымдастырылып, еңбегі еленген ұжым мүшелер грамоталармен марапатталды. Сонымен қатар бұл атаулы мерекелерде аудандық кәсіподақ ұйымынан қаржылай көмекте көрсетілді. Жұмыс орындарының жай-күйін талдау, еңбек жағдайын жақсарту бойынша әкімшілікке ұсыныстар жасау, бөбекжайда техника қауіпсіздік ережесінің сақталуын, жұмыс орындарында міндетті бірінші медициналық көмек көрсететін жиынтықтың болуын, қажетті материалдар мен құрал-саймандардың, жабдықтардың сатып алынуын тексеру, бөбекжай ғимаратының қысқы мезгілге дайындығын бақылау және талдау жұмыстары үнемі жоспарға сай өткізіліп отырылды. Жалпы, «Ақбота»бөбекжай-бақшасы» МКҚК кәсіподақ ұйымы 2024 жылы бекітілген жылдық жоспар

бойынша жұмыс жасап, кәсіподақ ұйымының жиналысында кәсіподақ ұйымының төрайымы Дүйсебаева Э атқарылған жұмыстар бойынша есеп жасады.